



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 14–21 мамыры аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына қатысты шолу

2021 жылғы 24 мамыр

21 мамырдағы сауда-саттық қорытындысы бойынша, теңгенің нарықтық бағамы АҚШ доллары үшін 428,86 теңге болып қалыптасты, осылайша бір аптада 0,035% (428,71-ден) аз ғана құнсызданды.


2021 жылдың 14–21 мамыры аралығында сыртқы валюталық нарықта дамушы елдердегі валюталардың қарқыны тең болды. Сәуір айында АҚШ-тағы екінші деңгейлі тұрғын үй нарығындағы мәмілелердің саны алдыңғы аймен салыстырғанда 2,7% төмендеді. АҚШ ресейлік ұйымдарға қарсы санкциялар мен «Солтүстік ағын 2» жобасы бойынша соттар енгізді. Еуроодақтың өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларындағы іскерлік белсенділіктің композициялы индексі (PMI) мамыр айында 56,9 пунктке дейін өсіп, алдыңғы бағалау бойынша үш жыл ішіндегі максималды мәнге жетті.

Дамушы елдердің валюта¹ бағамдарының қарқыны АҚШ долларына қатысты төмендегідей қалыптасты:


- **Оңтүстік африкалық ранд** ОБ негізгі ставкасының 3,5% деңгейінде сақталуына байланысы 1,2% нығайды (14,13-ден 13,96-ке дейін);
- **Үнді рупиясы** резиденттер емес тарапынан келген инвестиция өскен соң және сәуір айының соңында жылдық экспорттың артуына байланысты 0,6% нығайды (73,29-тен 72,84-ға дейін);
- **Ресей рублі** шикізат тауарлары бағасының өсуіне байланысты 0,5% нығайды (74,02-тен 73,64-ке дейін);
- **Түрік лирасы** укрепилась на әлемдегі тәуекел-сентиментінің жақсаруына байланысты 0,4% нығайды (8,45-тен 8,42-ке дейін);
- **мексикалық песо** ел Президентінің Орталық банктің қазіргі басшысын екінші мерзімге ұсынбаймын деген мәлімдемесінен кейін 0,4% әлсіреді (19,87-ден 19,95-ге дейін);
- **үндістандық рупия** резидент еместердің мемлекеттік құнды қағаздан инвестицияларын алып кетуіне байланысты 1,1% әлсіреді (14 198-ден 14 355-дейін);
- **бразилиялық реал** оелдегі инфляцияның жеделдеуіне байланысты 1,9% әлсіреді (5,27-дан 5,37-дейін).

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап)



Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, % (2021 жылғы 14 мамырдан бастап 2021 жылғы 21 мамыры аралығы)



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 30 сәуір =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz